Үлкендер жолы – ұлық!

АЛАТАУ Ардагері

ardager@mail.ru | Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті | №25(35) 21 маусым 2024 жыл

РЕФОРМАНЫҢ ҮШТАҒАНЫ: ЖАСАМПАЗДЫҚ ПЕН ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ

Барша қауымға белгілі, жалпы жұртқа жария бір ақиқат бар. Еліміз кейінгі бес жылдың бедерінде мүлде өзгеріп, билік құрылымынан бастап қоғамдық-саяси санаға дейін түбегейлі жаңғырып жатыр. Бұл жаңғыру батыл қадамдарға, байыпты шешімдерге табан тірейтіні сөзсіз. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бастамашы болған сол саяси бағдар жөнінде тарқатып айтқан жөн болар.

ӘДІЛЕТТІЛІК – ҚОҒАМНЫҢ ЖАҢА ҚАҒИДАСЫ

Мемлекет – аса күрделі құрылым. Оны реформалау және қандай да бір өзгеріске әкелу – қиынның қиыны. Мұны жүзеге асыру үшін халықты ұйыстыратын алып идея қажет екені айтпаса да белгілі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев билікке келген тұста қоғамның мұндай идеяға деген сұранысы аса жоғары еді. Президент ұсынған «Әділдік» феноменінің бірден ел идеологиясының тұтқасына айналуы – осының айғағы.

«Әділдік» ұғымы ұлттық реформалардың басты ұранына айналды. Бұл ұстаным ауқымды өзгерістердің үштағаны саналатын саяси, әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық сана реформасының өзегі ретінде берік бекіді. Сонымен қатар бұл өзгерістерді нақты идеяны арқау еткен, түпкі мұраты айқындалған байыпты бастама ретінде қабылдаған абзал.

САЯСИ ИНСТИТУТТАР ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ

Қасым-Жомарт Кемелұлы Президент лауазымын қолға алғаннан бері іске асқан саяси реформалардың түпкі мазмұны елдегі демократия институттарын дамытуды көздейді. Бұл – саяси жүйені жаңғыртуға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сондай-ақ мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға негіз болды.

Саяси реформалар туралы сөз қозғағанда Конституцияны өзгертуге бағытталған жалпыұлттық референдум туралы атап өту – заңдылық. Бұл реттe Президенттің өзгерісті әркім өзінен бастауы керек деген ұстанымы жалпыға бірдей үлгі болғаны анық. 2022 жылы

енгізілген Конституциялық өзгерістердің басты жаңалығы – Президенттің өкілеттігін бір мерзіммен шектеу туралы шешім. Бұл «Әділдік» феноменінің нақты орындалғанын көрсетті.

Сондай-ақ референдум аясында Парламенттің рөлін күшейту және құқық қорғау органдарының қызметін жақсартуға бағытталған шаралар қолға алынды. Бұл реформалар саяси жүйенің тұрақтылығы мен тиімділігін арттыруға және халықтың билікке деген сенімін нығайтуға мүмкіндік береді. Билік тармақтары арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етіп, демократиялық институттардың нығаюына ықпал етеді. Мемлекет басшысының саяси реформаларының тағы бір тармағы саяси партияларды тіркеуді жеңілдету болды. Бұл өзгеріс саяси аренада жаңа партиялардың пайда болуын жеңілдетіп, саяси әралуандыққа жол ашты.

Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі де айтарлықтай өзгеріске бет алды. 2021 жылы алғаш рет ауыл әкімдері тікелей сайлау арқылы сайлана бастағанын білесіздер. Бұл қадам жергілікті мәселелерді тиімді шешуге және азаматтардың өз өңірлеріндегі басқару үдерісіне белсенді араласуына мүмкіндік береді.

Саяси трансформацияның тағы бір маңызды бөлігі – Парламенттің рөлін күшейту туралы шешім. Парламенттің атқарушы билікті бақылау функцияларын күшейту арқылы заңнамалық органның ықпалы артты деуге толық негіз бар.

Президент ұсынған саяси реформалардың бір жаңалығы – адам құқықтарын қорғауға бағытталған шаралар. Мемлекет басшысы адам құқықтарын қорғау механизмдерін жетілдіретін және азаматтық қоғамды дамыта түсетін қолдау шараларын енгізді. Конституциялық сот қайта қалпына келтірілді. Заңдылықты қадағалайтын прокуратура мен Адам құқығы жөніндегі уәкіл конституциялық мәртебеге ие болды. Бұл қадамдар халықаралық стандарттарға сай келетін құқықтық жүйені қалыптастырды.

Аталған реформалар елдің саяси жүйесін жаңғыртуға, қоғамның саяси өмірге белсенді қатысуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ билік тармақтары арасындағы тепе-теңдікті сақтауға жол ашты. Түптеп келгенде, бұл ауқымды шаралар Әділетті Қазақстанның нықтап орнығуына мүмкіндік берді.

ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ РЕФОРМАЛАР

Қасым-Жомарт Тоқаев елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету мақсатында да ауқымды реформалар жүргізіп келеді. Бұл – қоғамдағы әлеуметтік әділеттілікті нығайтуға, экономикалық өсімді қамтамасыз етуге және халықтың өмір сүру деңгейін жақсартуға бағытталған.

Президент Тоқаевтың бастамасымен Конституцияға концептуалды өзгеріс енгізілді. Яғни жер мен оның қойнауындағы байлық халықтың меншігі ретінде айқындалды. Бұл қағида әлеуметтік саясаттың тірегіне айналды.

Нақты дәлел: «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы іске қосылды. Бағдарлама арқылы еліміздегі әр балаға Ұлттық қордан қаражат бөліне бастады. Бұл шараның түпкі мақсаты – әлеуметтік теңсіздікті азайтып, балалардың өмір сүру жағдайын жақсарту. Бағдарлама өскелең ұрпаққа инвестиция салып, олардың білім алуына, денсаулығын жақсартуға және өмір сүру деңгейін арттыруға мүмкіндік беруге тиіс.

Шағын және орта бизнесті қолдау жұмыстары да артты. Бизнесті тексеруге үш жылға дейін мораторий жарияланды. Заңсыз алынған активтерді елге қайтарып, экономикалық айналымға түсіре бастады. Еліміздің логистикалық мүмкіндіктерін молайту арқылы табыс түсімін арттыруға жіті мән берілуде. Алдағы уақытта Қазақстанды логистикалық хабқа айналдыру жөнінде ауқымды міндеттер қойылды. Соған сәйкес инфрақұрылымды дамытудан бастап, қалыптасқан жүйені цифрландыру жұмысын қарқынды жалғастыруға айрықша мән беріліп отыр.

Президент индустрияландыру және инновацияларды дамытуға үлкен мән береді. Осы бағытта экономиканың әртараптандырылуы және жаңа технологияларды енгізу мемлекеттің маңызды міндеттеріне айналды. Индустриялық-инновациялық даму бағдарламалары арқылы өндіріс орындарын құру, ғылыми зерттеулерді қолдау және жоғары технологиялық салаларды дамыту көзделіп отыр. Цифрландыру саясатын жаңғыртып, бұл бағыттағы жетістіктерімізді еселеуге жаңа мүмкіндіктер жасалып келеді.

Бұрын назар аударылмаған энергетикалық, инженерлік жүйені түбегейлі жаңарту бастамасы қолға алынды. Ұлттық қауіпсіздік, халықтың өмір сүру сапасына тікелей әсер ететін бұл сала ондаған жыл бойы қараусыз қалып келгені ешкімге жасырын емес. Мемлекет басшысы бұл олқылықтар түзелмей тұрмыс түзелмейтінін жақсы біледі және білгендіктен нақты шешімдер қабылдап келеді.

(Басы. Жалғасы 2-бетте)

ЖАҢАЛЫҚТАР - ВЕСТИ

Алматы облысында шомылуға рұқсат етілген 103 демалыс орны бар

KAZINFORM. -Алматы облысының Өңірілік коммуникациялар қызметінде аймақтағы демалыс орындарының шомылу маусымына дайындығы жайлы Қонаев қаласында брифинг өтті.

Брифинг барысында облыс аумағында 103 демалыс орны бар екені хабарланды. Олардың 97-сі Қонаев қаласында, біреуі Еңбекшіқазақ ауданында және бесеуі Іле ауданында орналасқан. Алматы облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері Марат Исмаилов демалыс пен сауықтыру ұйымдарына бақылау жұмыстары жүргізілгенін айтты.

-Шомылу маусымы басталар тұста санитарлық қызмет мамандары су қоймаларының суы мен жағажайлардағы құмның талапқа сәйкестігіне зертханалық зерттеулер жүргізеді. Биыл мамандар 123 су сынамасы мен 30 топырақ түрін сараптамадан өткізген. Зерттеулердің нәтижелері бойынша су мен топырақ үлгілері гигиеналық нормативтердің талаптарына сәйкес келді, - деді Марат Исмаилов.

Казахстанцам запретили посещать три острова на Алаколе

Администрация Алакольского природного заповедника выступила с заявлением. В нем говорится о запрете посещения трех островов на озере, сообщает Zakon.kz.



В сообщении за 29 мая 2024 года сказано, что острова Улькен, Орта и Кіші Аралтобе находятся на северо-восточной, наиболее глубоководной части озера. Они образуют подобие небольшого архипелага длиной 17 км и до 40 км в окружности.

Алакольский государственный природный заповедник предупреждает:

«Острова относятся к категории особо охраняемых природных территорий. Данные острова в период с мая по сентябрь являются местом гнездования многих видов птиц, в том числе там встречаются птицы, занесенные в Красную книгу Казахстана и Международного союза охраны птиц. И поэтому на данной территории не должно быть факторов беспокойства птиц людьми».

Алматы облысында 50 млн теңге субсидияны жымқырған кооператив төрағасы сотталды

Sputnik. Алматы облысы Ұйғыр ауданында 50 млн теңге субсидияны жымқырғаны үшін ауылшаруашылық кооператив төрағасы сотталды, деп хабарлады Қаржылық мониторинг агенттігінің баспасөз қызметі.

Ведомство асылтұқымды мал шаруашылығын дамытуға бөлінген мемлекет қаржысын жымқыру және заңдастыру дерегін анықтады.

«Жүргізілген сотқа дейінгі тергеп-тексеру нәтижесінде 2023 жылы ауылшаруашылық өндірістік кооперативінің төрағасы аналық қой басының саны және ұрықтандыру тәсілі жайлы шындыққа жанаспайтын ақпаратты қолдана отырып, 50 млн теңге субсидия алғаны анықталды», - деп жазылған хабарламада.

Сот үкімімен кооператив төрағасы мемлекет қаржысын жымқыру және қылмыстық пайданы заңдастыру бойынша кінәлі деп танылып, 6 жылға бас бостандығынан айырылды.

РЕФОРМАНЫҢ ҮШТАҒАНЫ: ЖАСАМПАЗДЫҚ ПЕН ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Әлеуметтік серіктестік қағидаттары да – ерекше тоқталуды қажет ететін тақырып. Еліміз еңбек қатынастарын реттеу, жұмысшылардың құқықтарын қорғау және еңбек жағдайларын жақсарту мәселелерін айтарлықтай күшейтті. Әлеуметтік серіктестік аясында жұмыс берушілер мен жұмысшылар арасындағы диалогті нығайту, еңбек құқықтарын қорғау және өндірістік дауларды шешу тетіктерін жетілдіру маңызды орын алады.

Әлеуметтік саланың әуелгі тірегі саналатын денсаулық сақтау және білім жүйесі де түбегейлі реформаға ұшырады. Аталған сала мамандарының жалақысын екі есеге дейін ұлғайту туралы шешім қабылданды. Бұл білікті мамандардың салаға келуіне жаңаша сер-

пін бергені сөзсіз. «Педагог мәртебесі туралы» заң қабылданды. Ғылымның дамуына айтарлықтай көңіл бөлініп келеді. Ұлттық ғылым академиясы өзінің тарихи тұғырына қайта қонды.

Алдағы уақытта жоғарыда біз атап өткен әділеттілікке негізделген әлеуметтік және экономикалық саясат қағидасы – еліміздің қуатының, халқымыздың әл-ауқатының негізгі сенімді күші болып қалатыны даусыз.

ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫҢ СЕРПІЛІСІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың күллі реформасының өзегінде «Заң мен Тәртіп» ұстанымы тұр. Шын мәнінде «Әділдік» феномені осы екі түсінік үстемдік құрмай тамыр жая алмасы анық.

Ұлт көсемі Әлихан Бөкейханның «Заң адам үшін жазылады. Адам заң үшін тумайды» деген сөзі бар. Еліміз қабылдаған қабырғалы құжаттар ең әуелі азаматтарымыз, олардың әлеуметтік жағдайын жақсарту, оларды кертартпа қоғамдық кеселдерден сақтау үшін жазылған.

Бұл ретте елімізде синтетикалық есірткі саудасын, құмар ойын жарнамасын, тұрмыстық зорлық-зомбылықты, браконьерлікті ауыздықтайтын бірқатар заң қабылданды.

Мұның бәрі Әділетті Қазақстанды тұғырына шығарып, нық орнатуға бағытталған қадамдар. Түбегейлі реформалар өз миссиясын орындады. Бірақ реформаларды жүзеге асыру – бір бөлек, оны орнықтыру – бір бөлек дүние. Бұл үшін қоғамдық сана да жаңғыруға тиіс.

Президентіміз ұлттың жаңа сапасын қалыптастыратын жаңа құндылықтар тізімін, яғни «Адал азаматтың» бейнесін айқын көрсетті. Бұл не үшін қажет? Қоғамдық ұстанымдар мен қолдау негізінде оң бағыттағы реформалардың іске асуы және берік орнығуы үшін қажет. Себебі адал азамат – ескі жүйеге оралмаудың кепілі, әділеттілік құндылықтарының қорғаны.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың көшбасшылығымен еліміз бес жылды еңсерді. Бұл ұзақ жылдар бойы сірескен саяси жүйені серпілткен бес жыл болды. Қордаланған әлеуметтік мәселелердің түйінін шешкен бес жыл болды. Экономикалық өрлеуді қамтамасыз ету үшін батыл ұмтылыс жасаған бес жыл болды. Ең бастысы, қоғам жылдар бойы күткен әділеттілікті төрге оздырған бес жыл болды. Бұл бес жыл алдағы жетістіктеріміздің жолашарына айналатыны анық.

Берік УӘЛИ,
Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі – Президенттің Баспасөз хатшысы

«Егемен Қазақстан» газетінен алынды

Министрлік өкілі іс-сапарда

Қазақстан Республикасы оқу-ағарту вице-министрі Еділ Сабырұлы Оспан Алматы облысына арнайы іс сапармен келген болатын. Іс-сапардың бір барысында Қаскелең қаласындағы аудан әкімінің кіші мәжіліс залында жергілікті жұртшылықпен кездесу өткізді. Алматы облысы білім басқармасының басшысы Салтанат Дауысбекқызы Беспаевамен бірге өткізілген жиынға телеарна, газет фото тілшілері арнайы қатысты. Шақырылған оқытушы ұстаздар жиынға қатысып отырғандардың алдында ретімен жеке қабылдауға кіріп, министрдің қойған сұрақтарына өздерінің өтініш - тілектерін айтты.

Оқу-ағарту вице-министрі облысқа келді

Бұл кездесуге Еңбекшіқазақ ауданынан да мен сияқты бір топ ұстаздар шақырылған болатын. Олар өз тәжірибелерімен бөлісті. Маған да көп жылғы тәжірибелеріммен бөлісуге тура келді. Аудандағы өзім істеген мектеп, колледжде істеген әскери - патриоттық тәрбие жайында сұрап танысты. 2013 жылы зейнетке шыққаннан соң да аудан көлемінде ҚР –на танымал ардагер тұлғалармен аудандағы, Шелек аулындағы Мәдениет үйінде Шелек аймағындағы 15 – тен аса мектептің оқушыларын, оқытушы ұстаздарды шақырып, колледждерде, мектептерде 20 – дан аса кездесу - жиындарды жоғарғы деңгейде өткізгенімді айтып, ашық жарқын әңгімелестік.

1997 жылдан бастап ҚР – ғы барлық орта мектептерде алғашқы әскери дайындық пәні мемлекеттік пән ретінде қайтадан оқытылды. Ендігі мақсатым әскери патриоттық тәрбиедегі жетістіктерімді, өзім өткізген іс – шараларды, кездесулерді жинақтап «Отан қорғау - басты міндет» деген тақырыпта кітап етіп шығарамын деген ойымды айттым. Айтылған әңгімені облыстың бас ұстазы Салтанат Дауыспекқызымен бірге қатысқандар да тыңдап риза болды. Ұстаздармен кездесуде ойын ашық жарқын айтқаны үшін оқу – ағарту вице – министр Еділ Сабырұлы Оспанға Еңбекшіқазақ ауданындағы белсенді ақсақалдар атынан рахметімізді айттық. Білім саласының өкілімен бірге суретке түсуге мүмкіндік туды.

Әсет АЛЖАНБАЙ,
ардагер ұстаз.
Еңбекшіқазақ ауданы.

Еліміздің ертеңі

ЖАСТАР – ЖАҢА ҰЙЫМНЫҢ ҚАТАРЫНДА

Жастар қашан да жасампаздығымыздың жарқын көрінісі екенін өмірдің өзі дәлелдеп берген болатын. Сондықтан да болар, заманымыздың заңғар ақыны Мағжан Жұмабаев: «Мен жастарға сенемін» деп, жастарды еліміздің ертеңі екеніне ерекше тоқталып өткені тегін болмаса керек. Олардың қоғамымыздың қозғаушы күші екенін ешкім де теріске шығара алмайды.

Осыдан аз ғана уақыт бұрын облыстық ардагерлер ұйымының пәрменді түрде қолға алуымен облыстық жастар ұйымын құру жөнінде жаңжақты әңгіме қозғалған болатын. Осынау көкейкесті мәселеге байланысты конференция да өткізілді. «Келісіп пішкен тон келте болмайды» демекші, жастар ісіне орай облысымыздағы ардагерлердің ұйғарымымен «Алатау жастары» ұйымы құрылған еді. Өмірдің өзінен туындап отырған осынау игілікті іс-шараны облыс аумағындағы аудандар да қызу қолдап отыр.

Күні кеше ғана Қарасай аудандық әкімдігінің мәжіліс залында ауданымыздың «Алатау жастары» жастар ұйымы мен аудандық жастар ресурстарының бірлескен конференциясы болып өтті. Аталған конференцияға аудан әкімінің бірінші орынбасары Рүстам Атшабаров, Алматы облысының «Алатау жастары» жастар ұйымының төрағасы Нұрсұлтан Орынбасаров, аудандық «Алатау жастары» жастар ұйымының төрағасы Бекжан Сүнбеков, аудандық қорғаныс істерінің басшысы Ерлан Әбілқасымов, ауданның имамы Дәуренбек Жандосұлы және аудандық, қалалық ардагерлер ұйымдарының төрағалары мен жастары қатынасты.

Конференцияның күн тәртібінде Алматы облысы ардагерлер ұйымының төрағасы Ерболат Тұрымбетовтің үстіміздегі жылдың 22 сәуіріндегі жастар ұйымының басшылары мен тәлімгер ардагерлер ұйымдарының барлық қала, ауылдық жерлерде «Алатау жастары» жастар ұйымдарын құру және олардың міндеттері мен мақсаттарын әңгіме арқауына айналдыру болды. Бұл жөнінде конференцияны салтанатты жағдайда ашып берген аудан әкімінің бірінші орынбасары Рүстам Атшабаров жаңжақты әңгімелеп берді.

Сондай-ақ, күн тәртібіндегі өзекті мәселеге орай сөз алған облыстық «Алатау жастары» жастар ұйымының төрағасы Нұрсұлтан Орынбасаров осы тұрғыда облыс көлемінде атқарылып жатқан жұмыстардың барысын салмақты түрде саралап берді. Ендігі жерде жастар өміріндегі жұмыстардың жандана түсетінін және жастар ұйымдарының жұмыстарындағы міндеттер мен талаптарды да жеріне жеткізе айтты. Келесі сөз кезегін алған Дуренбек Жандосұлы жаңадан құрылып жатқан жастар ұйымдарының қоғамымызға тигізер ықпалын жанды мысалдар арқылы жақсы айтты. Жастар ұйымдарының жақсы істердің жаршысы атанып, алғы шептен көрінуіне сәттілік тіледі.

Ал, аудандық «Алатау жастары» жастар ұйымының төрағасы, аудандық мәслихаттың депутаты Бекжан Сүнбеков бүгінгі күні ауданда 7 колледж бен 1 университет бар екенін, мұнда жастардың көп шоғырланғанын тілге тиек етіп, жалпы ауданда 74310 жастар бар екенін атап өтті. Сол сияқты аудандық қорғаныс істерінің басшысы Ерлан Әбілқасымовтің Отан қорғаудағы жастарымыздың рөлі жайындағы әңгімесі қатынасушыларды бей-жай қалдыра алмады. Оның айтқандарының маңыздылығы айырықша болатын. Өйткені, жастарға тәртіп пен реттілік барысында талап тұрғысынан тәрбие беру жастарымыздың келешегінің кемелді болуына пайдасын көп тигізбек. Аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Сағат Мәсімақынов қалалық және ауылдық округтерде аталған жастар ұйымдары құрылып, оларға лайықты төрағалар жетекшілік жасайтынынан хабардар етті. Конференцияны аудан әкімінің бірінші орынбасары Рүстам Атшабаров қорытындылап, бұдан бұрын Елтай ауылдық ардагерлер ұйымының төрағалығын атқарған Калида Қосшығұловты облыстық «Алатау ардагері» медалімен және бірнеше ардагерлер ұйымдарының төрағаларын Алғыс хаттармен марапаттады.

Қанат ТӘКЕБАЕВ,
журналист.
Қарасай ауданы.

Заманның сырласы

Ғасыр жасаған майдангер

... Жалпы жер бетінде бір ғасыр өмір сүру – сирек кездесетін құбылыс. Аудандағы абыз Жарықбасов Солтанбай ата Алға аулында тұрады. Ғасыр жасаған ата әулетінің келін-балалары 100-ге келген атаға ерекше тойды, аудан жұртының тойы ретінде Ұлы Жеңістің 79 жылдығымен қатар жасап өткізді. Қос майданның ардагерінің өнегелі өмір жолы соған лайықты деп ойлаймын! Жасы жүзден асқан ата есік алдында таяғына сүйеніп ақырын жүреді, Үй ішінде барлық жағдайы жасалған, денсаулығы жақсы, сөзі анық, ойы тұнық. Атаға арнайы сәлемдесуге барғандарға әңгімесін айтып, батасын беріп, бір сергіп қалады. Көргендерін жаңылмай айтып, әңгімелеп береді, газет – журнал, кітап та оқиды өзнің жеңіл көлігімен шақырған жерге барып қайтады. Абыз атасын жас балаша күтіп отырған келін-балаларына туған туыс, құда-жекжат, аудан, ауыл тұрғындары рахмет айтудан жалықпайды.

Еңбекшіқазақ ауданы Алға аулында тұратын аудан, облысқа танымал 100 – ден асқан абыз Солтанбай Жарықбасов ақсақал - қос майданның ардагері. Жеңіс туын желбіреткен екінші дүниежүзілік соғыс адамдардың жүрегіне жазылмас жара салып, баланы әкесінен, әкені бауырынан, әйелді жарынан айырды. Ерлікті ұрпағына мұра етіп қалдырған Кеңес әскерлері 1418 күнге созылған Ұлы Отан соғысында жеңіске жетіп, фашизм жеңілді. «Бас әскери қолбасшының бұйрығымен орталық, батыстағы әскерлердің бәрін шығысқа ауыстырды. Бізді «Байкал сыртындағы майдан» деп аталатын №25 Қызыл жұлдызды механикаландырған ротаға жіберді, сол ротаның әскерлерімен бірге салмағы 70 келі болатын «Максим» пулеметін жаяу арқалап, кейде сүйретіп жүрген атқышы болдым», – деп жігерлі жастық шағын еске алып, біраз көз алдында өткен күндерді есіне алады майдангер. Батыр атамыз оқ пен оттан аман қалып, елге 1950 жылдың наурызында келіп, еңбекке араласты. 1956 жылы Жамбыл қаласындағы училищені бітіріп, Бәйтерек пен Қарабұлақ аулындағы мектептерде дене тәрбиесі мен тарих пәнінен де сабақ берді. «Ол кезде машина аз, ерте тұрып мектепке әрең жетемін. Жас болған соң шаршағанды білмейсің, күзде, көктемде, білінбейді, қақаған қыста қарға омбылап, жаяу барып келіп істегенмін, қайран жастық шақ», - дейді. Алға аулындағы 7 жылдық мектепте директордың орынбасары, директоры болып білім саласында көп жыл қызмет атқарды. Алматы қаласындағы КазПИ институтын бітірген атамызды аудан басшылары комсомол, партия жұмыстарына шақырды. Соғыс жылдары партия мүшелігіне өткен атамыз колхозда саяси жетекші (парторг) қызметін атқарды. Абыз ата сөз арасында: «Адамның өмірлік жарынан артық жанашыр болмайды» - деп, жолдасы Роза апамыздың бала – шағасына қамқоршы ана, жұмысқа ерінбейтін жан болғанын, үйдің төңірегіне бақша отырғызып, бала-шағаға тыным бермейтін, - деп еске алды. Құдайға шүкір, сондай тынымсыз еңбектің арқасында балаларым еңбекқор, жоғарғы білім алып, білікті маман, кәсіпкер болды, – деп өткен жылдарды еске алады.

2010 жылы сәті түсіп 85 жасқа келген ардагер Солтанбай атамыз қасына жиен қызын ертіп, екеуі Ленинградқа барғанын, Нева өзенінің жағасындағы зиратта жерленген 78 бауырластар зиратында соғыстан оралмағандардың ішінен бауырының зиратын тауып, бір уыс топырақ алып, әкелері жерленген зираттың басына әкеліп қойдым, - деп өткен күндерді, бауырларын қимай есіне алып, біраз үнсіз қалды. Бауырының зиратын тауып, оған барып бір уыс топырақ алып, құран бағыштап қайтқанының өзі атамыздың ерлігі деп бағалаймын. Соғыстың қиындығын көріп азып-тозған еліне адал қызмет жасап, еңбегі еленген атамыз 1985 жылы жасы келіп, дербес зейнеткерлікке шықты. Қос майданның ардагері Солтанбай атамызды аудан, облыс, республиканың мақтанышы – «Жеңіс сарбазы», «еңбек ардагері» - деп облыс, аудан, ауылы құрметтейді. Өзі отырған ауылда өз атында көше бар. Алға аулының гүлденуіне аянбай еңбек еткен ақсақалдан аудан, ауыл тұрғындары арнайы барып, ақыл-кеңес сұрап құрметтейді. Елі ардақтаған абыз ақсақалға, қан майданда от кешіп, бүгінгі ұрпаққа жарқын болашақ сыйлаған атаға арнайы сәлем беріп баратын қонақтары көп. Іздеп барғандарға келін - баласы ақ дастарханын жайып қонақ жасап, атасын жас балаша күтіп, бес уақыт намазын оқып, қазақи салт – дәстүрді құрметтеп отырған үлкен келіні Тамараға, немере келіні Айжанға туған - туыс, көршілер мен ел – жұрт, барған қонақтар шын көңілдерімен рахметтерін айтады. Атап айтсам, Солтанбай ата өзі тұратын Алға ауылына бірінші болып жолға асфалт төсетіп, ауылға жаңа мектеп, мешіт, хатымхана салуына тікелей өзі араласып, ел - жұртының құрметіне бөленген жан - деп ауылдың жасы үлкендері, жастары аталарына ерекше рахметтерін айтудан жалықпайды. Әке - шешемнің айтуы бойынша «менің туған күнім 17 ақпан 1924 жылы деп айтқандарын жақсы білемін» - деп әңгімелескендерге өзі ашық - жарқын айтып отырғанын мен де талай рет естідім. 100 - ден асқан абыз ақсақалы бар атаны - аудан, облыс жұрты таниды. Жеңіс туын желбіреткен қос майданның ардагерін, жылдағы қалыптасқан салт - дәстүр бойынша арнайы құттықтауға барған облыс әкімінің орынбасары Нұржан Құдайбергенов ҚР - сы Президентінің атынан келген «Алғыс хатын», облыс әкімінің «Алғыс хатын» табыстады. Облыстағы ардагерлер ұйымының төрағасы Ербол Тұрымбетов және « Аманат» партиясы облыстық филиалының төрағасы Қуат Байғоджаев, Еңбекшіқазақ ауданының әкімі Талғат Байеділов, аудандық маслихаттың төрағасы Бекет Ахметов, аудандық партия филиалының төрағасы Бағдат Рахимов та абыз ақсақалды Ұлы Жеңістің 79 жылдығымен құттықтап, арнайы барып қайтты.

Мен де абыз ақсақалға барып әңгімелесіп тұрамын. Әңгіме арасында 2015 жылы Президент Н. Ә. Назарбаевтың шақыруымен Астана қаласына барып, әскери форма киген Солтанбай атаға «Құрмет орденін» президенттің өзі табыстағанын, Астанаға қалай барып келгендерін сұрап, тағы басқа әңгімелерін айтқанын тыңдап қайтқан күндер де болды. Ұлы Жеңіс мерекесінің 79 жылымен құттықтап барып, Батыр атамен әңгіме - сұқбат жасап, дастарханнан дәм татып, естелік суретке түсіп, абыз атаның берген батасын тыңдап, жақсы тілек сөздерін естіп қайтқанның өзі-бір бақыт. Өзі салдырған мешіт 2015 жылдан бері өз атында. Ұлы Жеңіс күні қарсаңында ғана атамызды іздеп келушілер, ұмытып кетпей ғасыр жасаған Солтанбай атамызға Ұлы Жеңістің 80 жылдығын тоспай - ақ өзі салдырған мектепке атын берудің уақыт реті келіп сұранып тұр деп ойлаймын. Атамызға Алла күш – қуат, денсаулық берсін!

Әсет АЛЖАНБАЙ,
ардагер ұстаз.
Еңбекшіқазақ ауданы.

Ауданда өткен байқау

БАЛҚАШТЫҢ ӘЗ АНАСЫ

Ұлы Отан соғысы жылдарында ел-жұртына еселі еңбек сіңірген тыл ардагері, ауданның Құрметті азаматы, тіршілігінде «Балқаштың әз анасы» атанған Ханшайым Исаеваның туғанына 100 жыл толуына орай марқұмның есімі мен өнегелі һәм ғибратты ғұмырын жас ұрпаққа насихаттау, дәріптеу, еске алып, рухына тағзым етіп, қазақтың қыз-келіншектерінің бойындағы әдептілік, инабаттылық, ұлттық дәстүрімізге сай қасиеттерге бағыт-бағдар бере отырып, олардың қарапайымдылық пен ибалылық, әсемділік, өнерге деген қызығушылық, сахна мәдениетін, шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында «Балқаштың Ханшайымы» тақырыбында қыз-келіншектер арасында аудандық байқау болып өтті.

Өңіріміздің өсіп-өркендеуіне сүбелі еңбек сіңірген ардақты аналарымыздың есімін жаңғыртып, еңбегін дәріптеу, құрмет көрсетіп, тағзым ету мақсатында ұйымдастырылған байқауға аудан көлеміндегі әр ауылдық округтерден 20-36 жастағы үміткерлер қатысып, байқау шарты бойынша өз өнерлерін көрсетіп, сынға түсті.

«Балқаштың әз анасының» ғасырлық тойына арналған аталмыш іс-шараның шымылдығын аудан әкімі Азат Құтпанбетов түрді.

Аудан басшысы өз сөзінде тіршілігінде ел мен жердің құрметіне бөленген әз ананың жүріп өткен жолдарымен, қол жеткізген биіктерін айта келе, «нағыз қазақ аналары Ханшайым анамыздай болу керек» деп өз сөзін түйіндеді.

Сынға түскен арулар байқаудың «Ұлттық киім - ұлт бейнесі» номинациясы бойынша қазақы нақыштағы, күнделікті тұрмыста, қызметте немесе кештерге киюге арналған киім үлгілерін насихаттаса, ал екінші шарт бойынша «Менің болмысым» номинациясында әр қатысушы өзін қазақ тілінде еркін тақырыпта таныстырды.

Сонымен қатар «Өнерім-өмірім» номинациясы бойынша әр үміткер сахна төрінде ән, би, мәнерлеп оқу, әртүрлі ұлттық аспапта ойнау сынды өз өнерлерін ортаға салды.

Келесі кезекте үміткерлер «Білімді мыңды жығады» номинациясы бойынша ауданға есімдері кеңінен танылған Ұлы Отан соғысы жылдары ел-жұртқа еңбегі сіңген тыл ардагерлері Ханшайым Исаева, Жібек Иманбаева, Қания Жақтыбекова, Бәтима Алпысбаева, Қанапия Оразбаева, Жексенбике Ахаева, Тауықбала Құлымбаева, ССР Жоғарғы Советінің депутаты болған Әлиман Абдрахманова сынды аналарымыздың өмірбаяны мен еңбек жолдары жайында қойылған сұрақтарға жауап берді.

Байқаудың соңы «Ұлттық тағам - ұлт мақтанышы» номинациясы бойынша үміткерлер өздері дайындап әкелген ұлттық тағамның дайындалу жолдарын және оның құрамын, адам ағзасына пайдалы тұстарын түсіндірді.

Өз өнерлерін көрсеткен үміткерлер сахна төрінде тамылжыта ән салып, би билеп, Ханшайым Исаеваға жыр арнаса, енді бірі әз ананың суретін қыл қаламмен салып келген.

«Балқаштың Ханшайымы» байқауын қорытындылай келгенде Ақжар ауылының намысын қорғаған Айгерім Байділдаева бас жүлдені жеңіп алды. Ал І-ші орын иегері Аққөл ауылының үміткері Жазира Темірбекова иеленсе, ІІ-ші орынға Балатопар ауылынан келген Әмина Еркінқызы табан тіреді. Жүлделі ІІІ-ші орынды бақбақтылық Перизат Қыдырбай місе тұтты. Сонымен қатар «Үздік таныстыру» номинациясымен ақдалалық Мерей Кәдірхан, «Үздік ұлттық киім» номинациясымен Құйған ауылының тұрғыны Уыз Ысқақ, «Үздік ұлттық тағам» номинация бойынша Көктал ауылынан қатысқан Мадина Төлеубекова, «Үздік өнер» номинациясы бойынша Бақанас ауылының үміткері Сәулет Мейрамбек марапатталды.

Ал байқауға қатысып, бақ сынаған барлық үміткерлер мен олардың көрсеткен өнерлерін бағалаған әділқазылар алқасына арнайы дайындалған Алғыс хаттар мен ақшалай сый-сияпаттар табысталып, марапатқа ие болды.

Байқаудың бас жүлдесін табыстау кезеңінде Ханшайым апаның шөбересі Нұрдана Нұртасқызы сахна төріне көтеріліп, өзін-өзі өлең шумақтарымен таныстырып, жеңімпаздың ханшайым тәжісін табыстады.

Шара соңында еңбек және тыл ардагері, ауданның Құрметті азаматы болған Ханшайым Исаеваның ұлы Смағұлов Сайран Сейіткемелұлы қорытынды сөз сөйлеп, осындай байқауды өткізудегі негізгі мақсатқа баса тоқталып, бүгінгі жастардың ұлттық салт-дәстүрді берік ұстанып, байырғы аналардан мирас болып сақталып келе жатқан қасиетті құндылықтарды жоғалтпай, орамал тарту дәстүрін жаңғыртуды насихаттады. Сонымен қатар байқауға қатысып, бақ сынаған арулардың отбасына амандық, дендеріне саулық тілеп, өзінің жүрекжарды алғысын білдірді.

Осылайша Ұлы Отан соғысы жылдарында ел-жұртына еселі еңбек сіңірген тыл ардагері, Балқаш ауданының Құрметті азаматы Ханшайым Исаеваның туғанына 100 жыл толуына орай ұйымдастырылған «Балқаштың Ханшайымы» атты аудандық байқау Балқаш топырағында ел есінде біразға дейін сақталатындай дүбірге толы әрі тартымды өтті.

Бақтығали
МЕЙРАМБЕКҰЛЫ.
Балқаш ауданы.

Талаптың мініп тұлпарын

«Жанамын» деген бір жас бар

«Жанамын» деген жүрекке от берсе, тұтанбай қоймайтыны анық. Біз бүгін әңгімеміздің өзегіне айналдырып отырған Любовь Темникова-«боламын, жұлдыз болып жанамын, көздегеніме жетемін» деп, соған орай тер төгіп, болашағынан мол үміт күттіріп жүрген талантты жастарымыздың бірі.

Мына жарық дүниеге келген күннен бастап әр пенденің пешенесіне Құдырет иесінің жазуы жазылатын көрінеді. Любаның өмірлік тағдыр жолы қиындықтармен басталған екен. Бесіктен белі шықпай жатып әке-шешесіз қалу айтуға ғана оңай. «Айналайын үкімет өлтірмейді» деп жатамыз. Сол үкімет балалар үйіне түскен бүлдіршіндерді өлтірмей, адам етіп, ауыздарынан ақ май ағызып отырар-ау. Алайда, әке-шешесі беретін аналық, әкелік жылуды үкімет балалар үйіндегі топырлаған бүлдіршіндердің қайсына беріп жатар дейсіз?! Әке-шешесі алма беріп өсірген бала еркелеу болмай ма?! Оны беретін әке-шеше жоқ, бір үйдің үш баласына кім берсін?! Содан кейін жарым көңіл бала жүрегі кімге еркелесін?!

Любаның ерте есейгені содан болса керек. Ел балалары жейтін алманың ағашын біреу өсіру керек қой. Содан болса керек, ел балалары жейтін алманы біреуден күтпей, алманың ағашын өзі өсіруге ниет етіп, не нәрсені қолға алса да тек өзіне ғана сенген. Жастайынан пысық болып, кез келген дүниеге еті тірілікпен қарап өскені де қайталап айтайық, содан болса керек.

Люба 2005 жылдың 22 ақпанында қарлатып, борандатып Іле ауданы Қараой ауылында дүниеге келіпті. Үйдің ең кішісі. Алдында екі ағасы бар. 2008 жылы әке-шешесі қайтыс болғаннан кейін үш жасынан бастап Алматы қаласындағы №1 «Алматы облыстық балалар үйінде» тәрбиеленді. Люба жеті жасынан бастап спортқа қызығушылық танытса, он екі жасынан кәсіби спортшы ретінде дайындала бастаған. Балалар үйінің тәрбиеленушілерін өз қамқорлығына алып, спортқа қабілетті балаларды спорт әлеміне тартқан жаттықтырушы Алдияров Альберт Александрович болашақ чемпионды тани білген өз ісінің шебері, бүгінде қолдаушысы, демеушісі.

Құдырет иесі тіршілік берген соң тірі адам өзіне тән тірлігін жасай береді ғой. Алғашқы сыныбын қазақ мектебінің табалдырығын аттаудан бастапты. Біз бүгін Люба туралы әңгіме қозғағанда оның өзгелерден басты ерекшелігі спортқа жақындығы туралы айтпақпыз. Қыз балаға тән көркем гимнастика, волейбол, жеңіл атлетика секілді спорт түрлері көп қой. Солардың бірімен айналысса, қыз балаға тән нәзіктігіне сай таңдаған екен дейміз. Ал Любаның таңдағаны ерлердің шаршы алаңға шығып, жекпе жекте айқасатын спорт түрі, джю джитсу мен грэпплинг болып отыр. Бұл жәйдан жай болмаса керек. Бір нәрсе екінші бір нәрсеге себеп болып жатады. Жеке өмірінен алған өмірлік сабағында өмірді күрес деп ұқса, спорт ол да күрес екенін қабылдауында жатса керек.

2021-2022 оқу жылынан бастап Л.Темникова Есіктегі гуманитарлық-экономикалық колледжде «Дене тәрбиесі және спорт» мамандығы бойынша мемлекеттік тілде білім алуда. Ол туралы колледж директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Дәриға Тоққожаева өз ой-пікірін былай деп сабақтайды:

- Спортты жанындай сүйетін студенттің кәсіби жаттығуына колледж басшылығы барлық жағдай жасады. Күнделікті дайындалуына дене тәрбиесі оқытушысы Е.Ержанды жаттықтырушы ретінде бекітіп, аптасына бір рет Алматыда дайындалуына мүмкіндік берді. Е.Ержан студентті Есік қаласында орналасқан «Жақсылық» спорт клубында «еркін күрестен» жаттықтырды, Алматыға қатынауын ұйымдастырды. Алматы мен Есік қаласындағы А.Алдияров пен Е.Ержан секілді жаттықтырушыларының бірлесіп атқарған жұмысы арқасында Люба бір жыл ішінде өте жақсы нәтижелерге жетті.

Нақтырақ айтар болсақ, грэпплингтен Қазақстан жастар құрамасы Испанияда өткен әлем чемпионатында бірінші жалпыкомандалық орынға ие болды. Одан кейін Понтеведра қаласында (Испания) ерлер, әйелдер, кадеттер мен жасөспірімдер арасында грэпплингтен әлем чемпионатына әлемнің 24 елінен 300-ден астам спортшы қатысқан. Қазақ спортшылары Испания, Украина, Израиль, Қырғызстан және Франция құрамаларын артта қалдырып, 26 алтын, 21 күміс және 13 қола медаль жеңіп алды.

Осы додаға Қазақстан намысын қорғауға аттанған құрама ішінде Еңбекшіқазақ ауданы, Есік қаласындағы «Есік гуманитарлық-экономикалық колледжінің» студенті Темникова Любовь та бар болатын.

Бапкерлерінің сіңірген еңбегінің нәтижесі болар, оның алдында да еркін күрестен өткен Алматы облысының чемпионатында II орынға ие болды. Түркістан қаласында өткен халықаралық «Түркі әлемі» грэпплинг UWW өткен жарыстың жеңімпазы болып, бірінші орынды қанжығалады. Алматы қаласында өткен грэпплинг UWW ережесі бойынша Қазақстан Республикасының чемпионатында бірінші орын алды. Қырғызстанның Бішкек қаласында өткен «IKJJF open» халықаралық жарыста бірінші орын алса, Қостанай қаласында үлкен жасөспірімдер арасында өткен грэпплинг жарысында Қазақстан Республикасы чемпионатының жеңімпазы атанды. Астана қаласында грэпплинг AIGA тұжырымы бойынша өткен Азия чемпионатында қола жүлдегері атанды. Грэпплинг AIGA бойынша «Қазақстан Республикасының спорт шебері» атағын алды.

Любаның өзіне талап қоя білуі, еңбекқорлығы, табандылығы мен қайсарлығы әлемдік чемпионатқа қатысуына мүмкіндік берді. Нәтижесінде Испанияда грэпплингтен өткен әлем чемпионатында жасөспірімдер арасында жүлделі II, III орынды иеленді. Бұл-жігерлілік пен еңбектің жемісі. Колледж ұжымы үшін үлкен жетістік, мәртебе. Спорт жағынан колледжіміздің намысын қорғап, республика көлеміне дейін оқу орнының аты шығып жатыр. Бұл-ең алдымен Любаның арқасы. Еткен еңбегі мен төккен маңдай терінің нәтижесін, қызығын Любаның өзі ғана емес, оқыған колледжі, Есік қаласы, ауданы, облысы көріп жатыр. Мақтанатын балаң болса, неге мақтанбасқа?! Біз Любамен мақтанамыз! Жеңісін мақтан етеміз! Алар асуы,бағындырар биігі көп болсын демекпіз!

Грэпплингтен жеткен жетістігі жоғарыдағыдай болса, джю-джитсуден де жетістіктері жоқ емес. Осы спорт түрінен өткен әлем чемпионатында әлем чемпионы, кейін болған әлем чемпионатында үш дүркін жүлдегер. Абу-Дабиде үшінші орын, Санк-Петербургте екінші орын, Бакуде бірінші орын, Испания жерінде үшінші орын алған. Бұл-айта салғанға оңай ғана дүние. Ал мұның артында қаншама жігер, «боламын» деген құлшыныс, алға қойылған мақсат, төгілген маңдай тер жатыр десеңізші. Өмірді енді ғана бастаған қыз бала жарты әлемді шарлап қайтқандай. Және жәй ғана бармай, қанжығасын майлап, медальдермен қоржынын толтырып, елге абыроймен оралған. Бұл екінің бірінің маңдайына бұйыра бермесе керек.

Екеуміз әңгімелесіп отырмыз. Табиғатынан байсалды, іске мығым, сөзге шебер бала екені байқалады. Бұл күндері өз ана тілінен жеріпіп, басқа тілді бақыты санаған қара көз балаларымның қасында қазақ тілін екінші ана тіліндей қабылдап, қазағымның тілінде еркін сөйлеген қыз бала менің тіліме деген құрметімен мені тәнті етті. Басқа ұлттың өкілдері менің тілімде сөйлеп жатса, жерден жеті қоян тапқандай таң қалатын жағдайға келдік. Ал шын мәнінде қазақ топырағында тұрып жатқан басқа ұлт өкілдері осы тілді білуі керек-ау деген ой сананы мазалайды.

- Арманың бар ма?-деп сұрадым сөз арасында. -Бар.-дейді ол. Біріншіден, осы спортты таңдағаныма өкінбеймін. Соның жемісін көру маңдайыма бұйырып келеді. Осы жетістігім бапкерлерімнің еселі еңбегінің арқасында. Мен олардың еңбегін бағалаймын. Олардың маған жұмсаған күш-қуаты, жеңіске жетелеген жігері өлшеусіз. Ертеңгі арманым бапкерлерім секілді мен де бапкер болып, соңыма менің жолымды қуатын ізбасарларымды дайындасам деймін. Қазіргі оқып жатқан оқуым да мені сол жолға жетелеп келеді. Ал қазіргі арманыма келсем, әлі жаспын ғой, Қазақ елінің көк туын әлемнің әр елінде желбірете берсем деймін. Оған мен де, менің бапкерлерім де сенеді.

Осы бір жылы жүректен шыққан жылы сөздің ақиқатқа айналуын тіледік он тоғызға енді келсе де, көп іс тындырған Люба қызымызға. Өмір деген-шаршы алаңдағыдай ұлы күрес. Бір нүктеден екінші нүктеге жету үшін түзу сызықпен жүру мүмкін емес. Оның сай-саласы, өрі мен қыры, құзы мен шыңы болары-ақиқат. Шаршы алаңда тобығы таймай келе жатқанын құлақ естіп, көз көруде. Өмірде де тобығы таймаса екен дейміз.

СИҚЫМБЕКТІҢ Алтынбайы.
Есік қаласы.
Еңбекші қазақ ауданы.

Алғыс

АК ХАЛАТТЫЛАРҒА РИЗАМЫЗ

«Алла адамды ауыртпасын» деп жатамыз. Алайда, темірден жаратылсақ та адам ағзасының тозып, сыр беретін кезі болады екен. Осындайда ең алдымен Құдырет иесінен араша сұрасақ, содан кейін ақ халаттыларға жабарынып, жазылып кетуіне демеу сұрайтынымыз анық. Біз де сондай жағдайды бастан өткіздік.

Аяқ астынан үйдегі жолдасым сырқаттанып, Шонжы ауылындағы дәрігерлер «облыстық емханаға апармасаңыздар болмайды» деген соң шамамыз келгенше өзіміз көлік іздеп, облыстық емханаға жеткіздік. Жасыратыны жоқ, емханаға қабылдату, орналастыру алғашында оңай болмады. Сөйтсек, ауруымыздың асқынғанына байланысты бізді Шонжыдан жедел жәрдем көлігімен әкелуі керек болған екен.

Арада өткен бір-екі сағаттан соң ақ халаттылардың кәсіби шеберлігі мен көп жылғы тәжірибесінің арқасында болар деп ойлаймын, жолдасымның жағдайы ретке келіп, беті бері қарағандай болды. Көңіліміз орнына түсіп, жүрегімізді қолымызға ұстағандай болдық. Қазір жолдасым облыстық емханада ем алып жатыр. Жағдайы біршама түзелгендей.

Осы орайда облыстық емханаының гемодиализ бөлімінің меңгерушісі, жоғары дәрежелі невролог дәрігері Майра Мұсақызы Қағазбаеваға, Назым Жақыпбаеваға және Алма Сағиқызына Шонжы ауылдық ардагерлер мен ақсақалдар кеңесі атынан басымды иіп, алғыс сезімімді газет арқылы жеткізгім келеді. Жүректеріне жылу, алақандарына шипа берсін. Біз сияқты науқас жандарға араша болып, халықтың алғысын арқалап жүре беруіне тілектестігімді білдіргім келеді.

Әбдіразақ ТОҚТЫБАКИЕВ,
Шонжы ауылдық ардагерлер кеңесі
төрағасының орынбасары.

АЛАТАУ Ардагері
Басылым 2023 жылғы 7 қыркүйектен шыға бастады

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Ардагер ұйымы»
Республикалық қоғамдық бірлестігі
Алматы облыстық филиалы
Директор:
Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР:
Роза Айдарбекова
Тел.: 8 777 251 9310

ТІЛШІЛЕР:
Алтынбай Сиқымбек
Тел.: 8 705 965 3661
Рамазан Елешев
Тел.: 8 747 706 1334

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

«Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.

Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 номерлі куәлігі берілген.

Газет «Алматы-Боашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі, 23-В.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1.

«Алатау ардагері» газеті басылымының бүгінгі санның таралымы – 6200
Тапсырыс №1046
Индексі – 65472.